

*С. Е. Ахметова, 2-курс магистранты
(Орталық-Қазақстан академиясы)*

АЛДЫН АЛА ТЕРГЕУДЕ ЖАУАП АЛУДЫҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ

Құқық қорғау органдарының қызметтері, әрі олардың статустық мәртебесі, қылмыспен күресудегі ерекшелігі және азаматтардың құқықтық мәдениеті мен сапасын көтеруге байланысты елімізде құқықтық реформалар өтіп жатыр. Құқықтық мемлекет құруға байланысты заңдылықты күшейту жұмыстары, соның ішінде қылмыстық заңдардың қазіргі өмірлік талапқа сай қайта өзгерту мен толықтырулар енгізу арқылы жүзеге асырылуда.

«Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Қазақстан Республикасының Президенті — Елбасы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Қылмыстық және Қылмыстық іс жүргізу заңнамаларын реформалауды бастау керек. 4 жаңа кодексті: Қылмыстық іс жүргізу, Қылмыстық, Қылмыстық-орындаушылық және Әкімшілік

құқық-бұзушылық туралы кодексті әзірлеп, енгізу керек. Бұл өзекті заң актілерінің қабылдауы қылмыстық сот ісін жүргізуді және ең алдымен, қылмысқа қарсы мемлекеттің күрес саясатын тұжырымдық тұрғыдан жаңғыртады, біздің құқықтарымызды қазіргі сын-қатерлерге өз дәрежесінде әрекет жасайтындай деңгейге көтереді.

Мемлекет тәртіпсіздікке мүлдем төзбеушілік принципі ұстануға тиіс. Дамыған қоғам барлық жерде тәртіп пен реттілік орнатудан, жайлы подъезден, жинақы ауладан, таза көшеден және жарқын жүзді адамдардан басталады. Біз ең ұсақ құқық бұзушылықпен, бұзақылықпен, мәдениетсіздікпен ымыраға келмеуіміз керек. Өйткені, осының өзі қоғам тыныштығын бұзады, өмірдің сапасына селкеу түсіреді. Тәртіпсіздік пен бетімен кетушілікті сезіну одан да елеулі қылмыстарға жол ашады. Ұсақ құқық бұзушылыққа төзбеу ахуалы — қоғамдық тәртіпті нығайтуға, қылмыспен күреске бастайтын маңызды қадам. Біз құқықтық нигилизмді жеңіп, қоғамды қоғамдық тәртіпті қорғау ісіне тартуымыз керек. Мұның бәрі қоғамдық өмірдің нормасы болуға тиіс...» — деп атап кеткен¹.

Біздің мемлекетіміздің Президенті Н. Назарбаев өзінің сөзінде айтып кеткендегі — «Қылмыспен күресуде және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету — әрбір құқықтық мемлекеттің міндеті болып табылады».

Сондықтан да Қазақстан Республикасы құқықтық мемлекет құруға бағытталған құқықтық реформаны жүзеге асыру талаптарында біздің мемлекетіміздің ең негізгі әлеуметтік құндылығы — заңдылықтың сақталуына аса қатты көңіл бөлінеді. Құқықтық тәртіп және заңдылықтың сақталуы сұрақтары бойынша өткен кеңесте мемлекет Басшысы Н. Назарбаев өзінің сөзінде құқық қорғау мекемелерімен орындалған жұмыстармен қатар істің жекелеген санаттары бойынша күрделі қылмыстарды жүргізу біздің мекемелер үшін аса қиын екенін атап өтеді. Көптеген қауіпті қылмыстар — өлтіру, қарақшылық шабуылдар, ұрлықтар, зорлық іс-әрекеттер, есірткі қылмыстары және т. б. ашылған жоқ, ал оны жасаған қылмыскерлер табылмай жатыр, не болмаса біраз уақыт өтіп кеткеннен кейін табылуда. Ең алдымен, бұл қылмыстық істермен күрес жүргізу тек барлық құралдар мен әдістерді және құқық қорғау мекемелерінің күштерін көптеп қолдануымен ғана шектелмеу керек екенін түсіндіреді, яғни сонымен қатар қылмыстық істерді зерттеу мен ашу процесінің жоғары дәрежеде ұйымдастырылуын да талап етеді.

Қылмыстық іс бойынша тергеуші, анықтаушы, прокурор негізге ала отырып, іс-әрекеттегі қылмыс құрамының бар немесе жоқ екенін анықтайтын, сондай-ақ дұрыс шешім қабылдау үшін мәні бар басқа да мән-жайлар үшін заңды түрде алынған нақты мәліметтер дәлелдемелер болып табылады. Нақты мәліметтер — бұл дәлелдемелердің мазмұны, қылмыстың тергелуі, қаралуы және шешілуі жөнінде мәліметтер.

Алдын ала тергеуде адамдардың ойлау және танымдық қызметтерінде сол ойлау заңдары, жеке объективті шындықты тану процесіндегі жалпы логикалық тәсілдер мен әдістер қолданылады. Бірақ осы алдын ала тергеу мен соттық қараудың таным аспектісінде өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл Қазақстан Республикасының ҚІЖК 213-бабында көрсетілген. Жауап алудың алдында тергеуші жауап алынатын адамның жеке басын анықтауға тиіс. Егер жауап алынатын адамның іс бойынша іс жүргізіліп отырған тілді білетіндігіне күмән туса, оның қай тілде жауап бергісі келетіні анықталады. Жауап алуға шақырылған адамға одан кім ретінде, қандай қылмыстық іс бойынша жауап алынатыны хабарланады, құқықтары мен міндеттері түсіндіріледі. Бұл туралы хаттамаға белгі қойылады².

Тергеуші жауап алуы жауап алынатын адамға іс бойынша өзіне белгілі мән-жайларды айтуды ұсынудан басталады. Егер жауап алынатын адам іске мүлде қатысы жоқ мән-жайлар туралы айтса, оған бұл туралы ескертілуге тиіс. Еркін баяндау аяқталғаннан кейін жауап алынып отырған адамға айғақтарды нақтылау мен толықтыруға бағытталған сұрақтар қойылуы мүмкін.

Тергелетін істің мән-жайлары бойынша бұрын берілген айғақтарды нақтылау немесе толықтыру қажеттілігі пайда болған жағдайда қайтадан (қосымша) жауап алу жүргізілуі мүмкін.

Тергеуші тергеу барысында шындықты айқындау (бұл жерде шынымен де дәлелдеу нысанында жүзеге асырылады). Оның түсінігі дәлелдеудің көмегімен барлық факторларды, жағдайларды және басқа да осы қылмыстық істі дұрыс шешуге зор ықпалын тигізеді.

Қылмыстың нақты объективтік баға беру үшін нақтылы факторларды айқындауға бағытталған соттық зерттеулер өзінің жүзеге асыруында спецификалық шарттармен сипатталады. Ол алдын ала белгіленген мерзіммен қабылдауды талап етеді де, оған арнайы заңмен өкілетті адам жүргізуі мүмкін.

Қылмысты тергеу кезінде тапсырманы шешу үшін қылмыстық іс жүргізу заңымен белгіленген нысанда жүзеге асырылады және қылмыстық іс жүргізу қағидалармен талаптарына

сәйкес келу керек. Сондықтан тергеушінің барлық іс-әрекеті заңмен қаралған хаттамалық нысанға сәйкес келу керек. Соттық зерттеулері үшін, нақты шешім қабылдау үшін тез, толық шешімді қажет ететін ойлау тапсырмалары көп жоспарлық сипатта болады.

Дәлелдемелерді бағалау, болжамдарды салыстыру, тергеу барысын ойластыру тергеушінің жұмыс уақытымен шектелмейді. Қылмысты тергеумен байланысқан ойлану тапсырмаларын логикалық қозғалысының ерекше нысаны болатын болжамдарды кеңінен пайдалануда³.

Тергеушінің ойлану қызметінде ойлаудың логикалық анықталмаған процесі сезімталдық ерекше орын алады. Сену, күтпеген жерден ой пайда болу сияқты таным жолдары олардың құралу барысында аңғарылмайды, бірақ логикалық заңды болып келеді. Тергеліп жатқан жағдаймен байланысқан күрделі ой тапсырмаларын бірден және тез шешу мүмкіндігі ретінде тергеулік сезімталдық бұған қатысты өзінің шынайы негізі бар.

Тергеулік сезімталдықтың қайнар көзі болып ең бірінші қылмысты тергеудің бірталай тәжірибесі мен білімі болып табылады.

Мәлімет біздің заттар, оқиғалар және көріністер туралы біліміміздің кенеуіне ықпал етеді. Ол өткеннің, осы шақтың және болашақтың фактілеріне қатысты болуы мүмкін. Соттық дәлелдеудің негізгі тапсырмасы өткен шақта болған, тергеліп жатқан істің нақты жағдайлардан тұратындықтан, оны шешу тек тергеліп жатқан фактілер туралы мәлімет көмегі арқылы ғана мүмкін.

Адам ойында нәрселер, заттар емес, олардың бейнелері, олар туралы мәліметтер өмір сүреді, қозғалады. «Дәлелдеме көрсетіліп кеткендей бұрын болған анықталу қажет объективті шындықтың фактілері емес, осы фактілер туралы мәліметтер олардың көріністері, көшірмелері, бейнелері». Осы жайында А. Я. Гинзбургтің пікірі бойынша: «Қылмыстық іс жүргізуде мәліметтің дәлелдемесінің мәні бар. Қылмыстық іс бойынша соттың дәлелдеме болып, солардың негізінде заңмен белгіленген тәртіпте анықтама органы тергеуші және сот қоғамға қауіпті әрекеттің бар немесе жоқтығын, осы әрекетті жасаған адамның кінәлілігін және істі дұрыс шешуге мәні бар басқа да жағдайларды анықтайтын кез-келген фактілі деректер болып табылады. Бұл деректер куәгер, жәбірленуші, сезікті айыптаушы жауаптары арқылы сарапшының қорытындысы, заттай дәлелдемелер тергеушінің және соттың әрекеттер хаттамалары, басқа да құжаттар арқылы анықталады. Заңда дәлелдемелік құралдар алдын ала заңмен белгіленген және олар заң көрсеткендей»⁴.

Жауаптың дәлелдемелік мәні бір жағынан оның объективтік шындыққа сәйкестігімен және тергеліп жатқан іске қатыстылығымен, екінші жағынан — заңда көрсетілген дәлелдеменің бір құралы арқылы жауап алумен, яғни заңда көрсетілгендей процессуалдық нысанмен анықталады.

Қылмысты тергеу барысында мәліметті алу, зерттеу, тіркеу және тексеру ұйымдастырушылық дайындау, тергеу әрекеттерін сарапшылық зерттеулер, жедел іздестіру шараларын жүргізумен жүзеге асырылады.

Мәліметтің біразын тергеуші жауап алу барысында алады. Мәлімет теориясы жағынан сөйлесудің нысаны ретінде жауап алуды зерттеу жауап алудың кейбір элементтерінің мәнін толық беруге мүмкіндік береді.

Мәлімет — бұл жауап беруші айтқан сөздер ғана емес, дауыс, мимика, тембр, тон, сыртқы түр, қылығы. «Дауыс жылы және жұмсақ, қатаң және қатты, қорқаң және бәсең, қуанышты және сенімді, қатал, тірі салтанатты және т. б. адам сезімін, көңіл күйін, оның ойын білдіретін мыңдаған түрлерде болады».

Осыған байланысты жауап алуда негізгі және қосымша мәлімет болады. Бірінші жағдайда мәліметтің дәлелдемесінің мәні болады, ал екінші — жауап алу тактикасын анықтайды. Біз қарастырған мәлімет теориясының ережелерінің шыға келе жауап алу дегеніміз — іске қатысты болатын мазмұнды мәлімет алу болатын сөйлесудің процессуалдық нысаны. Тергеуші, анықтаушы прокурор, сот, куә, жәбірленушінің сезікті, айыпталушы сөйлесу нәтижесінде мәліметті сөйлеушіден тыңдаушыға және қабылдау процесі жүреді. Бұл процесс төрт кезеңге бөлінеді:

1. Жауап берушіден мәлімет талап ету;
2. Жауап берушіден тергеушіге мәлімет беру;
3. Қабылданған мәліметті тергеушінің ойша сараптауы;
4. Мәліметті тіркеу.

Жауаптың тағы бір нысаны — тергеушінің жауап берушіден тергеушіге мәлімет беру процесі. Тергеуші жауап берушінің алдын да ойлық тапсырма қояды және оған жауап ретінде мәлімет алады. Жауап беруші, тергеушіден ойлық тапсырма алғаннан кейін, оны ойша саралайды, өңдейді және мәліметті жауап нысанында береді, тергеушіден шығып жатқан мәлімет айтатындай болуы керек. Кері байланыс тарабы арқылы жүретін мәлімет есепке

алынбаса, адам жалпы әлеуметтік қатынастар жүйесінде өзінің қылықтарының көріністерінде дұрыс елестете алу мүмкіндігінен айырылушы еді.

Айыптаушының ойлау процесін біліп отыру, бағыттау тергеушіге қажет рефлексті: ойлау теориясы тактикалық, психологиялық күрес жүргізуге мүмкіндік береді. Жалпы бұл тергеушінің (біреуі жауап) екіге бөлгендей болады.

Біреуі жауап алатын шынайысы, екіншісі айыпталушының санасында ол аз құрайтын. Рефлексті ойлау қылмыс жасайтын адамдар әрекетінің логикалық негізімен субъективті әлемін беюге және талдауға, оны ашу және тергеудің оптималды жолдарын таңдауға мүмкіндік береді. Рефлексия кезінде мәлімет беруді кері қайтымды деп атауға болады және сызбалы түрде келесідей көрсетуге болады: тергеушіден жауап берушіге, жауап берушіден тергеушіге, сосын жаңа ойлау тапсырмасы нысанында тергеушіден қайтадан жауап берушіге. Бұл жағдайда ойлау барысы келесідей сөздермен айтылуы мүмкін:

- а) тікелей берілуі кезінде жауап беруші шын жауап беріп отырғанын мен білемін;
- б) қайта берілуі кезінде жауап беруші мен туралы не ойлап жатқанын мен білемін;
- в) кері қайтымды беру кезінде: «жауап беруші менің оны берген жауаптарына сеніп тұр деп ойлап тұрғанын білемін».

Мәліметті кері қайтымды беру кезінде жауап алудың әрбір қатысушысы өзін жедел жағдайда және түсіп жатқан мәліметі мен өзінің көзқарасы бойынша ғана емес, қарсыласының да көзқарасы арқылы қарастырылады. Жауапты нәтижелі өткізу тергеушінің жауап беруші туралы мәліметтер білу деңгейінде оның ойлау барысының бақылау мүмкіндігінде және жауап берушінің қылығын дұрыс болжауға, жауап алудың барысы мен нәтижесін алдын ала болуына байланысты, жалпы айтқанда жауап алудың мәні криминалистикалық тактикамен тергеу және соттық тәжірибе негізінде өңделіп шығарылған тәсілдер көмегі арқылы жауап берушіден жауапты талап етуден тұрады. Жауап алу — бұл қылмыстың істі дұрыс шешуде мәні бар жауап берушіге белгілі фактілер туралы мәліметтерді процессуалдық заңмен белгіленген тәртіпке сәйкес тергеу органы немесе соттың алуынан тұратын тергеулік және соттық әрекет екендігі белгілі.

Қорыта келегенде, жауапты алудың анықтамасында оның бүкіл мәнді белгілері көрсетілген. Біріншіден, жауап тергеулік және соттық әрекет ретінде қарастырған. Сондықтан оны жүргізуші адамның белсенді рөлі көрсетілген. Екіншіден, жауап алу — бұл жауап алу процесі. Үшіншіден, бұл тергеу әрекеті ерекше процессуалдық нысан шегінде тергеу органы немесе соттан жүзеге асырылатыны көрсетілген. Төртіншіден, жауап беруші білетінінің бәрі жауап алудың нәрсесі емес екендігі көңіл бөлінген деген ойдамыз.

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті — Елбасы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына ««Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы. Егемен Қазақстан. // 2012. 15 желтоқсан.
- 2 Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі. (өзг. тол. 2013. 29 қаңтар).
- 3 Белоусов А. В. Процессуальное закрепление доказательств при расследовании преступлений. — М. 2001. - С. 58.
- 4 Гинзбург А. Я., Белкин Р. С. Криминалистическая тактика. / Под ред. А. Ф. Аубакирова. Учебник. — Алматы, 1998.